



Қазақстан Республикасының білім және мәдениет мекемелеріне есімдер беру және оларды қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қараша N 1346

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Талдықорған, Торғай облыстары әкімдерінің Қазақстан Республикасының Білім және Мәдениет министрліктерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісілген:

а) мына білім және мәдениет мекемелеріне:

Ақтөбе облысы бойынша

Байғанин ауданындағы Жаңажол орта мектебіне - белгілі ақын Сағи Жиенбаевтың;

Байғанин ауданының аудандық балалар музыка мектебіне - белгілі ақын, сазгер Бәкір Тәжібаевтың;

Шалқар ауданының аудандық балалар музыка мектебіне - белгілі күйші-сазгер Қазанғап Тілепбергенұлының;

Шалқар ауданындағы Дамбар орта мектебіне - Югославиядағы

Қарсыласу қозғалысының белсенді мүшелерінің бірі, халыққа білім беру ісінің ардагері Төлтай Шановтың;

Алматы облысы бойынша

Жамбыл ауданындағы Ұзынағаш орта мектебіне - белгілі жазушы Сейдахмет Бердіқұловтың;

Қаскелең ауданындағы N 11 кәсіптік-техникалық училищеге - қоғам

қайраткері Сынжар Жандосовтың;

Райымбек ауданындағы Нарынқол орта мектебіне - белгілі журналист-жазушы, аудармашы Тельман Жанұзақовтың;

Талғар қаласындағы N 16 орта мектепке - Жамбыл Жабаетовтың;

Атырау облысы бойынша

Қызылқоға ауданындағы N 20 Миялы орта мектебіне - белгілі ақын, жазушы Берқайыр Аманшиннің;

Мақат ауданындағы N 86 орта мектепке - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, белгілі педагог Хамза Санбаевтың;

Қостанай облысы бойынша

Комсомол ауданы Комсомол поселкесіндегі N 2 орта мектепке - ұлы ойшыл және ағартушы Абай Құнанбаевтың;

Қызылорда облысы бойынша

Қазалы ауданындағы N 88 орта мектепке - белгілі жазушы, журналист, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Байжігіт Әбдіразақовтың;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Киров ауданындағы жаңа орталау мектепке - Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 50 жылдығына орай "Жеңістің 50 жылдығы" атауы;

Сарыағаш ауданының Тегісшіл селолық әкімшілігіндегі N 68 жаңа орталау мектепке - ғалым, еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Қален Тоқмұхамедовтың;

Павлодар облысы бойынша

Павлодар педагогикалық колледжіне - белгілі педагог, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Бейсен Ахметовтың;

Талдықорған облысы бойынша

Облыстық "Жастардың жетістігі" гимназия-интернатына - белгілі

ғалым, профессор Мұхтар Арыновтың;

Облыстық басқару негізі орта мектебіне - белгілі ғалым,
профессор Жомарт Жапаровтың;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Таврия ауданындағы Донской орта мектебіне - Кеңес Одағының
Батыры Төлеген Тоқтаровтың;

Тарбағатай ауданындағы Ақжар орта мектебіне - белгілі педагог
Қыдырбек Біләловтың есімдерін беру туралы;

б) мына білім және мәдениет мекемелерінің атауларын:

Алматы облысы бойынша

Шелек ауданындағы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы орта мектепті -
Кеңес Одағының Батыры Петр Вихрев атындағы орта мектеп;

Қызылорда облысы бойынша

Сырдария ауданындағы Ленин атындағы N 42 орта мектепті - халық
ақыны Қуаныш Баймағамбетов атындағы орта мектеп;

Тереңөзек ауданындағы N 129 "Қызылту" орта мектебін - белгілі

ақын және аудармашы Әбіраш Жәмішев атындағы орта мектеп;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Түлкібас ауданындағы "Ванновка" балалар санаторийін - тиісінше
тарихи-географиялық атауымен "Ақбұлақ" балалар санаторийі;

Киров ауданындағы "Целина" орта мектебін - осы мектептің негізін
қалаған, ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген қызметкері және көрнекті
басшы Жолдасбек Сүлейменов атындағы орта мектеп деп өзгерту туралы
ұсыныстары қабылданын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК